

**Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім
қызметкерлерінің салалық кәсіподағы органдарының жасанды
интеллектіні (ЖИ) жаһандық енгізу дәуіріндегі міндеттері және Қазақстан
Республикасы Кәсіподақтар федерациясымен әзірленген жасанды
интеллект дәуіріндегі қызметкерлердің құқықтарын қорғау стандартын
ілгерілету туралы
АҚПАРАТ**

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында (2025 жыл) жасанды интеллект (ЖИ) елдің технологиялық және экономикалық дамуының стратегиялық бағыты ретінде айқындалды.

Президент кадрлар даярлаудан бастап ғылыми орталықтар мен ЖИ-ді экономика мен мемлекеттік басқару салаларына енгізуге дейінгі ұлттық жасанды интеллект экожүйесін құру қажеттілігін атап өтті.

ЖИ-ді пайдаланудың этикалық қырларына, отандық IT-компанияларды қолдауға және қызметкерлердің цифрлық құзыреттерін дамытуға ерекше назар аударылды.

Аталған шаралар Қазақстанның дайын технологияларды тұтынушы ғана емес, өз инновациялық шешімдерін қалыптастырып, цифрлық егемендігін қамтамасыз ететін елге айналуына бағытталған.

Бүгінгі таңда Қазақстан жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын экономикаға, білім беру мен басқару жүйесіне жүйелі түрде енгізіп жатқан алғашқы мемлекеттердің қатарына кіреді. ЖИ-дің экономикадағы мүмкіндіктері шексіз деуге болады:

- Деректерді өңдеу: барлық есептілік түрлерін жеделдету, құжаттарды толтыру және шығындарды есепке алу үдерістерін оңтайландыру.
- Клиенттерге қызмет көрсету: ЖИ негізіндегі чат-боттар мыңдаған сұрақтарға дәл және жылдам жауап беріп, операторлардың уақытын неғұрлым күрделі мәселелерді шешуге бағыттауға мүмкіндік береді.
- Үлкен деректерді талдау.
- Қаржылық болжау: ЖИ нарықтағы өзгерістерді алдын ала болжай алады.
- Өнеркәсіптегі жасанды интеллект: роботтандырылған жүйелер күрделі қол еңбегін алмастырып келеді.

Жасанды интеллект (ЖИ) бүгінде білім беру жүйесінде кеңінен қолданыс табуда, ол оқу материалдарын әзірлеуге, білім алушылардың үлгерімін талдауға, жеке білім траекторияларын қалыптастыруға жәрдемдеседі. Қазіргі таңда мектеп оқушылары ЖИ негіздерін меңгеріп, ал жоғары оқу орындарының студенттері машиналық оқыту мен болашақтың цифрлық құралдарын игеруде.

Бұл, еліміздің саналы таңдауы, себебі ХХІ ғасырдың баласын ХХ ғасырдың әдістерімен оқыту мүмкін емес.

Кәсіподақтардың жаңа шынайылыққа бейімделуінің негізгі бағыттарының бірі – заманауи технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектіні меңгеру болып табылады. Осы саладағы білім мен дағдылар еңбек құқықтарын қорғау ісін неғұрлым тиімді етуге және кәсіподақтардың өзектілігін кез келген жағдайда сақтауға мүмкіндік береді.

Кәсіподақ қызметінде ЖИ іс-шараларды ұйымдастыруда, идеялар мен тұжырымдамаларды әзірлеуде маңызды көмекші құрал бола алады. Кәсіподақ мүшелігінің артықшылықтарын дәлелдеуде, жұмысты тиімді жоспарлауда немесе іс-шараларды ұйымдастыруда ЖИ егжей-тегжейлі жауаптар мен стратегия ұсынуға қабілетті.

Алайда бұл мүмкіндіктермен қатар бірқатар тәуекелдер де бар: педагог рөлінің әлсіреуі, цифрлық дискриминация, жұмыс орындарының қысқаруы, жеке өмір мен дербес мәліметтердің бұзылу қаупі.

Сондықтан мұндай технологиялық таңдаумен бірге еңбек адамының құқықтары мен қадір-қасиетін, сондай-ақ оның цифрлық қоғамдағы орнын қорғау міндеті сынды зор жауапкершілік те келеді.

Кәсіподақтар осы сын-қатерлерге жауап беріп, цифрлық трансформацияның өзегі ретінде адамды қоюы тиіс.

Кәсіподақ – бұл жұмыскерлердің дауысы, ал ол жасанды интеллект дәуірінде бұрынғыдан да айқын естілуі керек. Бүгінгі басты миссиямыз – цифрлық трансформацияны әділ әрі адамға бағытталған ету.

Цифрлық дәуірдегі кәсіподақ органдарының негізгі міндеттері төмендегідей болуы тиіс:

1. Еңбек және білім беру саласында жасанды интеллектіні қолдануды реттейтін заңнаманы әзірлеуге қатысу.
2. Еңбек қатынастарында ЖИ қолданудың этикалық кодексін жасау, яғни технология адамға қызмет етуі тиіс, керісінше емес.
3. Кәсіподақ активін оқыту арқылы цифрлық сауаттылықты арттыру, дербес деректерді қорғау және алгоритмдік шешімдерді түсіну бойынша білім беру.
4. ЖИ мен кадрлық процестерді автоматтандыруға байланысты еңбек құқықтарының бұзылуын мониторингтеу.
5. Адамдық бақылау қағидатын сақтау, яғни қызметкерлердің тағдырына әсер ететін шешімдер тек машина арқылы қабылданбауы тиіс.
6. Автоматтандыру қаупіне ұшыраған кәсіп иелерін әлеуметтік қорғау, қайта даярлау, жұмыспен қамтуды қолдау және жаңа жұмыс орындарын ашу.
7. Цифрлық экономиканың әділ қағидаттарын қалыптастыру үшін мемлекетпен, бизнес және ғылыми құрылымдармен әріптестікті дамыту.

8. Тәжірибе алмасу және ЖИ-ді этикалық пайдаланудың ортақ стандарттарын ілгерілету арқылы Кәсіподақтардың халықаралық ынтымақтастығын кеңейту.

9. Ұжымдық шарттарға цифрлық кепілдіктерді енгізу: дербес деректерді қорғау, алгоритмдердің ашықтығын қамтамасыз ету және цифрлық дискриминацияға жол бермеу.

10. Тұрақты диалог, келіссөздер және жұмыс беруші мен қызметкерлер арасындағы сенімді нығайту арқылы әлеуметтік тұрақтылықты сақтау.

Бұл сын-қатерлерге жауап берудің бір ғана жолы бар, ол цифрлық трансформацияның өзегіне адамды қою. Дәл осы идеяға Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы әзірлеп, Орталық Азия елдерінің кәсіподақтар кеңесінде қабылдаған «Жасанды интеллект дәуіріндегі қызметкерлердің құқықтарын қорғау стандарты» арналды. Бұл құжат, жай ереже емес, ол кәсіподақтардың еңбек пен білім берудің әділ цифрлық болашағы қандай болуы тиіс деген ортақ ұстанымын білдіреді. Білім беру саласына қатысты алты негізгі қағидат айқындалған.

Бірінші қағидат. Адам – басты құндылық.

Мектепте бала және мұғалім тұлғасынан артық ештеңе жоқ.

Сол сияқты технология әлемінде де ешқандай экономикалық пайда адамның қадір-қасиетінен жоғары болмауы тиіс.

Алгоритмдер мұғалімді тек есептілік көлемі арқылы, ал оқушыны тек тест нәтижелері арқылы бағалай алмайды. Технологиялар шығармашылық кеңістікті кеңейтіп, педагогтың рөлін күшейтуге, оны күнделікті міндеттерден босатуға тиіс, бірақ ешқашан оның басты миссиясын – баланың жанында болу, тәрбиелеу, шабыттандыру және қолдау міндетін алмастырмауы қажет.

Екінші қағидат. Адам құқықтары – бұлжымайтын қағида.

ЖИ дәуірінде негізгі құқықтарды қорғау бұрынғыдан да маңызды.

Ешбір технология кемсітушілікке себеп болмауы тиіс.

Жасы үлкен мұғалім тек заманауи гаджеттермен өспегені үшін «құндылығы төмен» деп есептелмеуі керек.

Сондай-ақ, ешқандай цифрлық жүйе жұмыскерлердің бірігу, өз мүдделерін қорғау және келіссөз жүргізу құқықтарын шектей алмайды. Кәсіподақ – технологиялар әлеміндегі адамның дауысы, және бұл дауыс міндетті түрде естілуі тиіс.

Үшінші қағидат. Ашықтық және жауапкершілік.

Әсіресе сөз адам тағдыры туралы болғанда, алгоритмдер – «қара жәшік» болмауы керек,

Мұғалім ЖИ оның қызметін қандай деректер мен өлшемдер негізінде бағалайтынын білуге құқылы. Әр қызметкер қабылданған шешімдердің қалай қалыптасатынын түсініп, қажет болған жағдайда оларды даулауға мүмкіндік алуы тиіс.

Алгоритмдердің нәтижесі үшін жауапкершілік машинаның емес, жұмыс берушінің мойнында. «Жүйе қатесі» жауапкершіліктен босатудың сылтауы болмауы керек.

Төртінші қағидат. «Оның орнына» емес, «онымен бірге».

Жасанды интеллект адамның орнын басуға емес, оған көмектесуге арналған. ЖИ оқу материалдарын дайындауда, деректерді талдауда, жеке оқу жоспарларын жасауда пайдалы көмекші бола алады. Бірақ мұғалімнің тірі сөзі, оның эмпатиясы мен адами қатысуы – ешқашан алмастырылмайтын құндылық.

Әрбір технологиялық өзгеріс қызметкерлерді қайта оқыту мен жаңа мүмкіндіктер ашумен қатар жүруі тиіс. Жұмыс форматының өзгеруі – жұмыстан босатудың себебі емес, кәсіби өсу мен құзыреттерді дамытуға түрткі болуы қажет.

Бесінші қағидат. Қауіпсіздік және құпиялық.

Цифрландыру жеке кеңістікті бұзатын бақылау тетігіне айналмауы тиіс. Мұғалім мен оқушы өздерінің жеке өмірін және дербес деректерін қорғауға толық құқылы.

Технологиялар педагогтың әр сөзін жазып, талдайтын толықтай бақылау құралына айналмауы керек. Еңбек қауіпсіздігі мен жеке ақпаратты қорғау – бұл бұзылуға болмайтын құндылықтар.

Алтыншы қағидат. Әлеуметтік диалог.

Әділ цифрлық трансформация тек қызметкерлердің қатысуымен жүзеге аса алады.

Кәсіподақтар, педагогикалық қауымдастықтар мен жұмыскерлердің өкілдері ЖИ енгізудің барлық кезеңіне, яғни жоспарлаудан бастап салдарын бағалауға дейін тартылуы тиіс. Кәсіподақ белсенділері осындай жұмысқа дайын болуы қажет.

Тек диалог пен ортақ шешім қабылдау технологияларды қорқыныш көзі емес, даму құралына айналдыра алады.

Осы қағидаттарды жүзеге асыру – үлкен жүйелі жұмысты талап етеді. Стандарт келісімдер мен ұжымдық шарттарды, сондай-ақ барлық деңгейдегі нормативтік-құқықтық актілерді қайта қараудың негізіне айналуы тиіс. Орталық комитет пен мүшелік ұйымдардың басшылық органдары бұл жұмысты жедел бастауға міндетті.

Сонымен қатар кәсіподақ активін жаңа цифрлық шынайылықта жұмыс істеуге бейімдеу, тәуекелдерді тану және оларды болдырмау тәсілдерін меңгерту қажет.

Кәсіподақ ұстанымының негізгі қағидалары:

1. Адам – технологиялардың өзегі. Алгоритмдер алмастырушы емес, көмекші болуы тиіс.

2. Адам құқықтары – бұлжымайтын қағида. Жасы, цифрлық дағдылар немесе әлеуметтік мәртебесі теңсіздікке себеп болмауы тиіс.

3. Ашықтық және жауапкершілік. Жұмыскер оның еңбегін ЖИ қалай бағалайтынын білуге және шешімдерді даулауға құқылы.

4. Қауіпсіздік пен құпиялық. Цифрландыру толық бақылауға әкелмеуі тиіс.

5. Әлеуметтік диалог. Тек бірлескен шешім қабылдау ғана технологиялық өзгерістерді әділ етеді.

Жасанды интеллект – жай ғана технология емес. Бұл – қоғамымыздың кемелдік сынағы, яғни адамның барлық үдерістердің ортасында қалу қабілетінің сынағы.

Егер ЖИ кәсіподақтардың қатысуынсыз дамыса, біз жаңа цифрлық теңсіздік түріне тап болуымыз мүмкін. Ал егер кәсіподақтар бастама көтеріп, әділ ережелер қалыптастырса, кәсіби активті даярлап, еңбектің қадір-қасиетін қорғай алса – онда жасанды интеллект адамға қарсы емес, оның одақтасына айналады.

Цифрлық дәуір – адамдар технологияларға қызмет ететін емес, технологиялар адамдарға қызмет ететін уақыт болуы тиіс. Бұл – біздің ортақ мақсатымыз, жауапты, әділ әрі адамгершілікке негізделген болашаққа апарар жолымыз.